

ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

# АҚТӨБЕ



1924-2024

ЖЫЛ

ЖҮЗ ЖЫЛ ЖЫЛНАМАСЫ



4 870220 330029



«Ақтөбенің» арқагері

# СЫРЛЫ СӨЗДІҢ САРБАЗЫ

Облыстық газетте қызмет атқарған журналистердің салаланып бөлінетін өз буындары бар. Солардың ішінде Сатыбалды Сәуірбайдың бұл басылымдағы қызметі өткен ғасырдың сексенінші жылдарынан басталады. Сол жылы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетін бітіріп келген ол мұнда әдеби қызметкер болып қабылданады. Аптасына бес рет шығатын газеттің тынымсыз жұмысы жігері мол жас маманды бірден өз ағысына ілестіріп алып кете барды.

Облыстық «Коммунизм жолы» газетінің жас тілшісі белгілі журналистер Көмекбай Оразниязов, Кәдірбай Бекмағамбетов секілді ағалардан көп тәлім алып, бірте-бірте тақырып аясын кеңейте бастайды.

Шалқар ауданындағы «Сарыбұлақ» кеңшарында болып қайтқан алғашқы іссапары ұмытылмастай болып жадында сақталып қалған. Сол кездегі «Жалын» қой өсіруші комсомол-жастар бригадасының жетекшісі Сайын Қуанышкереевпен жүздесу арқылы өмірдің өнегелі сәттеріне куә болғанын үнемі айтып отырады. Мақаласының кейіпкері Сайын аға ұзақ жыл бастауыш класс мұғалімі бола жүріп, жазғы каникулда трактор жүргізіп, шөп шапқан, мал қыстауларын жөндеген. Ал кейін жас шопандарға тәлімгер болған.

Мәселе онда да емес, Сайын аға сол бірге болған бірер күнде жас журналиске ел тарихы, белгілі тұлғалар өмірі, би-батырлар тағылымы, басқа да сондай мәселелерге қатысты қанша өңгіме айтып үлгерді, соның бәрі кейін де ойынан шықпай қойған.

Журналистік қызметінің арқасында облыста оның аяғы жетпеген жері жоқ деуге болады. Байғаниннің бұйрат-бұйрат құмдары мен Шалқардың шағылды даласына, Темірдің мұнайлы өңіріне барды, Мұғалжар биіктеріне көз салды, Қарғалының өсем табиғатына тамсанды. Сол орталардағы еңбек адамдарының тынымсыз тірлігін жазды, көпке танытты.


Облыстық «Ақтөбе» газетінде біраз жыл тыңғылықты еңбек етіп, одан кейін республикалық «Егемен Қазақстан» газетінде тілші болғанда ауыл шаруашылығы тақырыбына қалам тартқанда адымы ашылып жүре беретінін талай байқағанбыз. Бұл өзі біраз қызмет істеген «Ақтөбе» газетінен алған тәжірибе жемісі екенін де өзі ылғи айтып жүреді. Өйткені облыстық басылымда еңбек еткенде ол облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы мамандарымен талай сапарлас болып, аудандардың шалғайдағы шаруашылықтарынан талай проблемалық мәселелерді көтерген.

Бір ретте оның жайылымдық қой шаруашылығын тиімді ұйымдастыру пайда көзіне жетелейтіні туралы мақаласы жарық көрді.

Қаламы жүйрік журналистің көптен ерекшеленіп көрінетін тағы бір тұсы — күйшілігі мен әншілігі.

Қазақтың керемет ақыны Аманхан Өлімов өзінің студенттік кездегі досына «Күйі артық өзге жігіттен» деп өлеңмен баға бергені бар.

Ол аз десеңіз, Сатыбалдының университетте оқып жүргенде дәулескер күйші Сәдуақас Балмағамбетов жетекшілік еткен оркестр құрамында домбыра ұстағанының өзі неге тұрады?!



Анасы Айша заманында сызылтып ән салған, өзіндік әуезді үні бар өзгеше өнер иесі екен. Сатыбалдының домбыраға қосылып шырқайтын әндері де кең тынысты қажет етеді. Мәселен, ол көбірек орындайтын «Қоғалы-ай» әнін тыңдармандары сонау жастау кезінде бір отырыста бірнеше рет қайталап айтқызатыны есімізде. Одан басқа ғасырда бір туатын талант иесі Ғарифолла Құрманғалиев репертуарындағы:

Қараойдың қамшым қалды қабағында,

Бояудың бір белгісі сабағында, — деген өлең жолдары да оның жанына жақын. Мұның жақын болатыны, Қараой — атамекен, туып-өскен жері.

Бір әнді сатып алдым құнан нарға,

Беремін керек десең құмарларға, — деп әулеткенде, дауысы шарықтап, қияға көтеріліп кетеді, тыңдаушысы төменде қалып қояды.

Ол — өз дәуірінде шырқағанда дауысы алты қырдың ар жағына жететін Қызыл ақынның жырларының да насихаттаушысы.

Белгілі журналист Жанболат Аупбаев бір кездері Ақтөбеге арнайы келіп, «Байғаниннің баласы» деген мақала жазды. Белгілі күйші Момын аға туралы. Сол идеяның қозғаушысы әріптесі Сатыбалды еді.

Жалпы, Сатыбалды Қабашұлының ерекше бір елеп айтарлық қасиеті — адам баласына жақсылық жасау. Баяғы заманның ретіне салып айтсақ, жаяу қалған жолаушыға астындағы атын түсіп беруге әзір. Онысынан кемдік көрген жері жоқ. Осы жылдар ішінде қаншама дос-жолдас тапты, соның бәрі — жарқын мінезінің, көңілінің кендігінің арқасы.

«Қазақстанның құрметті журналисі» атағының иегері Сатыбалды Сәуірбай — бүгінде бір әулеттің көшбасшысы, немерелерінің аяулы атасы.

Ұзақ жыл Құдайберген Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінде ұстаздық еткен зайыбы Зоя Омарғазықызы екеуі ұл-қыз өсіріп, құда-жекжатпен араласып, ғибратты ғұмыр кешуде.

...Университет бітіріп келгеннен кейін төрт жылдан соң сол кезде «Коммунизм жолы» атауын иеленген облыстық газеттің алпыс жылдығын атап өткендері есінде. Ол кезде өрімдей жап-жас жігіт екен-ау.

Міне, сүйікті газеті ғасырлық белесіне көтеріліп келеді. Осы жылдар ішіндегі басылым беттерінен Сатыбалды Сәуірбай есімі де айшықталып көрінеді. Соған қуанады, соны мәртебе тұтады ол!

**Нұрмұханбет ДИЯРОВ.**